

## Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 108-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 маусымда № 3934 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңдарына сәйкес, Мұнайлы ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, бекітілсін.

2. "Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б. Әбдіхалық) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Мұнайлы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында, орналасуын, қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Жолбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Р. Елтизаров

Мұнайлы ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "17" маусымдағы  
№ 108-қ қаулысына қосымша

## Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 14.04.2023 № 86-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	2	3	4
1	KR-MU-1	Орталық өндірістік қамтамасыз ету базасына кірме жолы	6

2	KR-MU-2	№2, 3 карьерге кірме жолы	17
3	KR-MU-3	"Ш о ғ ы" мейрамханасынан Маңғыстау ауылына кірме жолы	2, 3
4	KR-MU-4	Маңғыстау ауылының айналма жолы	6
5	KR-MU-5	Маңғыстау ауылынан Қызылтөбе ауылдық округінің Ынтымақ елді мекеніне дейінгі автомобиль жолы	1, 3
6	KR-MU-6	Қызылтөбе ауылдық округінің Ынтымақ елді мекенінен Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің"№2 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне дейінгі автомобиль жолы	2
7	KR-MU-7	Қызылтөбе ауылдық округінің Ынтымақ елді мекенінен №400 карьерге дейінгі автомобиль жолы	7, 6
8	KR-MU-8	Баянды ауылына кірме жолы	2
9	KR-MU-9	№5 карьерге кірме жолы	6
10	KR-MU-10	Күкірт қышқылы зауытына кірме жолы	6, 2
11	KR-MU-11	Атамекен ауылдық округіндегі автомобиль жолы	2, 4
12	KR-MU-12	Басқұдық ауылдық округінің Рахат тұрғын үй массивіндегі орталық автомобиль жолы	2, 8
13	KR-MU-13	"Басқұдық – Маңғыстау" автомобиль жолы	12
14	KR-MU-14	"Қызылтөбе-2 – Жаңа Дәулет" автомобиль жолы	7, 8
15	KR-MU-15	Батыр ауылдық округіне кірме жолы	0, 6
16	KR-MU-16	Атамекен ауылдық округіндегі орталық автомобиль жолы	3

17	KR-MU-17	"Маңғыстау – Бесшоқы" автомобиль жолы	6
----	----------	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК